

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қарашадағы N 1154 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, бап. 37 ; N 12, бап. 88; N 14, бап. 93; N 15-16, бап. 109; N 24, бап. 162; Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1996 ж., N 8-9, бап. 236; 1997 ж., N 1-2, бап. 8; N 7, бап. 80; N 11 , бап. 144, 149; N 12, бап. 184; N 13-14, бап. 195, 205; N 22, бап. 333; 1998 ж., N 14, бап. 201; N 16, бап. 219; N 17-18, бап. 222, 224, 225; N 23, бап. 416; N 24, бап. 452; 1999 ж., N 20, бап. 721, 727; N 21, бап. 787; N 22, бап. 791; N 23, бап. 931; N 24, бап. 1066; 2000 ж., N 10, бап. 248; N 22, бап. 408; 2001 ж., N 1, бап. 7; N 8, бап. 52, 54; N 13-14, бап. 173, 176; N 23, бап. 321; N 24, бап. 338; 2002 ж., N 2, бап. 17; N 15, бап. 151; N 19-20, бап. 165; 2003 ж., N 1-2, бап. 2; N 4, бап. 25; N 6, бап. 34, N 10, бап. 50, 51; N 11, бап. 69):

9-баптың 5 тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) теледидар және (немесе) жалпы республикалық магистральдық, халықаралық байланыс желілерінің құрылысын жобалау, байланыс жолдары мен желілерін техникалық пайдалану жөніндегі, байланыс саласындағы өндіріс және қызмет көрсетулерінің берілуі;" ;

15-бап. Келесі мазмұндағы төртінші бөліммен толықтырылсын:

"Байланыс саласындағы ұлттық ресурстардың пайдаланылуымен қызмет көрсетулері жөніндегі кәсіпкерлік қызметке қатысты лицензия конкурстық негізде беріледі." .

2. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат; N 23, 921-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат):

1 2 т а р а у д а :

тақырыбындағы "және коммуналдық қызметтерге" деген сөздер ", коммуналдық қызметтерге және жергілікті телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемді ұлғайту бөлігінде байланыс қызметтеріне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9 7 - б а п т а :

тақырыбындағы "және коммуналдық қызметтерге" деген сөздер ", коммуналдық қызметтерге және жергілікті телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемді ұлғайту бөлігінде байланыс қызметтеріне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "және коммуналдық қызметтерді тұтынуға" деген сөздер ", коммуналдық қызметтерді және жергілікті телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемді ұлғайту бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

3. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, бап. 173, 2000 ж., N 5, бап. 115):

22-1-баппен келесі мазмұндағы толықтырулар енгізілсін:

"22-1-бап. Байланыс саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау және ақпараттық оқшаулауды болдырмау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып, магистральдық байланыс желілеріне, сондай-ақ шетелдіктердің қатысуымен басқарылатын немесе ұйым меншігіндегі телекоммуникация жүйелеріне басқару мен пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның қызметіне бақылау жасауды осы Заңда айқындалған тәртіпте ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, карантиндердің, өзге де төтенше жағдайлардың орын алғандағы ерекше кезеңдерінде, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін сақтау мақсатында байланыс желілерінің үздіксіз және тұрақты пайдалануын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолға алу.

3. Қазақстан Республикасының органдары мен лауазымды тұлғалары байланыс желілерінің құрылысы, оларды пайдалану және дамыту мәселелері бойынша шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сақтау талаптарын б а с ш ы л ы қ қ а а л у ғ а т и і с .

4. Мыналарға т ы й ы м с а л ы н а д ы :

1) шетелдік жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға магистральдық байланыс желілерін басқаруға және пайдалануға;

2) басқару орталығы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде орналасқан байланыс желілерін құруға;

3) жеке және заңды тұлғалардың дауыс беруші акциялардың 10 %-нен асатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген уәкілетті органның келісімінсіз магистральдық жүйелерді басқару және (немесе) пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың үлестерін, пайларын дербес немесе топ адамдардың құрамында жеке меншікке сатып алу немесе басқа жолмен алуына;

4) шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың жиынтығы 49%-дан асатын дауыс беруші акцияларын сондай-ақ байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның үлестерін, пайларын тікелей және (немесе) жанама жолмен иемденуге, пайдалануға, билік етуге және (немесе) басқаруға;

5) Жедел-іздістіру шараларын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына жауап бермейтін телекоммуникация желілерін пайдалануға беру.

5. Байланыс саласында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдардың қызметіне қатысу немесе акцияларын (үлесін, пайын) иемдену бөлігіндегі басқа шектеулер тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітіледі."

4. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, бап. 214; 1999 ж., N 19, бап. 646; 2000 ж., N 3-4, бап. 66; 2001 ж., N 23, бап. 309; 2002 ж., N 23 - 24, бап. 193):

4-баптағы 1 тармақтың б) және б)-1 тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"б) техникалық мүмкіндіктің болмауы себебінен немесе экономикалық қолайсыздықтан осы қызмет көрсетулерді беретін бәсекелестік байланыс операторының болмаған жағдайындағы телекоммуникациялық қызмет көрсетулері;

б-1) телекоммуникация желілерін жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желілеріне қосу мақсатында кабель арналары мен технологиялық мүліктерді жалға немесе пайдалануға беру қызмет көрсетулері."

5. "Бюджеттік жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, бап. 225; N 20, бап. 731; 21, бап. 738; N 23, бап. 916, 928, 930; 2000 ж., N 21, бап. 395; 2001 ж., N 1, бап. 6; N 10, бап. 123; N 23, бап. 310; 2002 ж., бап. 351, N 18, бап. 160):

7-баптың а) тармақшасы келесі абзацпен толықтырылсын:

"қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысының берілуі үшін төлем".

6. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, бап. 168; 2002 ж., N 6, бап. 73, 75; N 19-20, бап. 171; 2003 ж., N 1-2, бап. 6; N 4, бап. 25; N 11, бап. 56; N 15, бап. 1 3 3) :

62-бап. Келесі мазмұндағы 7-1 тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы үшін төлем";

Келесі мазмұндағы 87-1-тараумен, 484-1, 484-2, 484-3, 484-4, 484-5 және 484-6 баптарымен толықтырылсын:

87-1-тарау. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы үшін төлем

484-1-бап. Жалпы ережелер

1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы үшін төлем (бұдан әрі - төлем) жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желілерінде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсыну құқығы үшін алынады.

2. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын пайдалану құқығы (бұдан әрі - құқық) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте байланыс саласының уәкілетті органы берген рұқсат құжаттарымен куәландырылады.

484-2-бап. Төлеушілер

Төлем төлеушілер заңнама актісімен белгіленген тәртіпте құқық алған жеке және заңды тұлғалар - байланыстың магистральдық операторлары болып табылады.

484-3-бап. Төлем ставкалары

Жылдық төлем ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

484-4-бап. Есептеу және төлем тәртібі

1. Төлемді есептеуді жылдық ставкалар негізінде рұқсат құжаттарында көрсетілген абоненттердің санына сәйкес байланыс саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

2. Егер қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын беру кезеңі есепті салық кезеңінде бір жылдан кем болған жағдайда, төлем сомасы жыл бойынша есептелген төлем сомасын он екіге бөлу және жылдағы қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын берудің тиісінше ай санына көбейту арқылы анықталады.

3. Байланыс саласындағы уәкілетті орган жылдық төлем сомасы көрсетілген хабарлама дайындайды және ағымдағы есепті кезеңде төлеушіге 20 ақпаннан кешіктірмей жібереді.

4. Байланыс саласындағы уәкілетті орган құқықты куәландыратын рұқсат құжатын алған жағдайда, осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін салық төлеуші қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысына рұқсат берілген айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей төлем сомасы көрсетілген хабарламаны салық төлеушіге жібереді.

5. Жылдық төлем сомасы бюджетке салық төлеушінің тіркеу есебі орыны бойынша

тең үлестерде ағымдағы жылдың 20 наурызынан 20 маусымынан, 20 қыркүйегінен және 20 желтоқсанынан кешіктірмей төленеді.

6. Құқықты куәландыратын рұқсат құжатын алу кезінде осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін рұқсат құжатын алған күннен кейінгі кезекті мерзім алғашқы төлем мерзімі болып табылады.

7. Осы төлем бойынша пеня мен айыппұлдарды өтеу есебін жүргізгеннен кейін артық төленген төлем сомасы осы төлем бойынша алдағы төлемдер есебіне жатқызылады немесе салық төлеушінің өтініші бойынша оның банктегі шотына аударылады.

484-5-бап. Салық кезеңі

Төлем бойынша салық кезеңі осы Кодекстің 136-бабына сәйкес белгіленеді.

484-6-бап. Салық есептілігі

1. Салық төлеушілер жыл сайын салық органдарына салық төлеушінің жергілікті тіркелу есебі бойынша қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы үшін төлем бойынша ағымдағы төлемдер сомасының есебі мен декларацияны табыс етеді.

2. Ағымдағы төлемдер сомасының есебі есепті салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірмей табыс етіледі.

Құқықты осы Кодекстің 484-4-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда салық төлеуші байланыс саласындағы уәкілетті орган жіберген хабарламаны алған айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей ағымдағы төлем сомасының есебін табыс етеді.

3. Декларация есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етіледі.

2-бап. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті